

Табеев Т.П., Бейсенбаев Ж.Т.

**ЕАЭО аясындағы
агроөнеркәсіптік интеграция
экономикалық даму
тұрақтылығына ықпал етуші
альтернативті мүмкіндігі**

Кеңістік деңгейінде мемлекеттердің интеграциялануы – ұлттық шаруашылықтардың өзара ықпалдасуы және әрекет етуі, аймақтық экономикалық топтардың құрылуы маңызды болып табылады. Мемлекеттердің өңірлік және әлемдік экономикалық жүйеге кірігуі өндіруші және қайта өндіруші өнеркәсіп тауарларының ірі нарығының қалыптасуына, терең деңгейлі өңделген өнімді жоғары мөлшердегі қосылған құнмен алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сыртқы саудада құрылымдық өзгерістер енгізуге, жаңа үдемелі технологиялар мен инновациялық техникаға өтуге жол ашады.

Агроөнеркәсіптік кешен – республикадағы экономикасы жоғары әлеуетті, мүмкіндігі мол, ұдайы өндірістік және әлеуметтік мәні жоғары негізгі салалардың бірі саналады. Елдегі экономикалық реформалар, билік орындары қабылдаған нормативтік-құқықтық актілер мен басқа да іс-шаралар тұтастай алғанда агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда әлі де болса шешуші роль атқара алмай отырғаны ақиқат. Осы жерден ауыл шаруашылығы саласының бәсекеге қабілеттілігін арттырудың жаңа әрі тиімді механизмдерін жасау қажеттілігін байқаймыз.

Түйін сөздер: агроөнеркәсіптік кешен, Евразиялық кеңістік, агроөнеркәсіптік интеграция, азық-түлік қауіпсіздігі, экономикалық тиімділік, экономикалық мүдде, агроөнеркәсіптік бірлестіктер.

Tabeev T.P., Beisenbev J.T.

**Alternatyv opportunities of
influence to stable economic
development agro-industrial
integatsy EAES**

Integration of the states is an interoperability and association of national facilities and creation of regional economic groups. Occurrence of the states in local or world economic system provides the way to creation of large commodity markets processing and manufacturing industries and in a plenty to let out the processed goods with the added cost. And together that, it helps introduction new innovative to technology and technics and thus will make structural variations to the external economic commerce.

The agriculture is considered one of the most perspective branches in economy, which, possibilities having more and playing important value in social area and in constant manufacture. Nevertheless, the state economic reforms, the accepted regulatory and legal acts, still not in force to render special influence on progress of competitiveness of agriculture. In this connection, it should be noted that, it is necessary to develop new and effective mechanisms for increase of competitiveness of an agriculture.

Key words: Agriculture, the EAK countries, agroindustrial integration, a security of food stuffs, economic efficiency, agroindustrial combines.

Табеев Т.П., Бейсенбаев Ж.Т.

**Альтернативные возможности
влияния на стабильное
экономическое развитие
агропромышленной интеграций
ЕАЭС**

Реализация стратегических приоритетов и реформ в странах ЕАЭС направлена прежде всего на развитие социальных и экономических институтов страны. Сегодня в мире кризис производственных факторов и состояния международной политики отрицательно влияет на многие государства. Казахстанская экономика достигнет хороших результатов в будущем, если успешно реализует структурную реформу рыночной экономики агропромышленности. Развитие и становление рыночной экономики в наших странах уже давно поставило во главу деятельности практически любого предприятия удовлетворение нужд и потребностей покупателей. Все фирмы, не осознавшие вовремя приоритетность этой постановки, не смогли удержаться в современной конкурентной среде. В связи с этим в настоящей статье раскрываются особенности агропромышленной интеграций ЕАЭС. Также в работе рассматривается опыт зарубежных стран по изучению и использованию на практике принципов и методов экономического развития, даны рекомендации по разработке стратегий агропромышленной интеграций ЕАЭС.

Ключевые слова: ЕАЭС, агропромышленная интеграция, экономическое развитие, сельское хозяйство, стратегия дифференциации, стратегия инновации.

**ЕАЭО АЯСЫНДАҒЫ
АГРОӨНЕРКӘСІПТІК
ИНТЕГРАЦИЯ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ДАМУ
ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНА
ЫҚПАЛ ЕТУШІ
АЛЬТЕРНАТИВТІ
МҮМКІНДІГІ**

Жаһандандудың жаңа көрінісі ретінде экономикалық, саяси тәуелсіздік және мемлекеттер аралығындағы өзара ықпалдастығы, халықаралық интеграцияның кеңеюі, өңірлік интеграциялық бірлестіктердің қалыптасуы және осы үрдістерге әлемдік масштабтағы тәжірибеде жиі кездесетін өнімділігі жоғары сапалы нәтижеге қол жеткізетін тетіктерді қолдану шараларымен сипатталады. Мемлекеттердің экономикалық ықпалдастық үдерісі мемлекетаралық келісімдер, әрі мемлекетаралық ұйымдар тарапынан реттелетін шаруашылық механизмдерді бір жүйеге жақындасуына жағдай жасайды. Сонымен қатар, халықаралық экономикалық интеграция өңірлік экономикалардың жедел дамып, интеграцияланған кеңістікке енетін мүше мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігін көтереді.

Интеграцияның негізгі факторларына өндірістік шоғырландыру мен қор алмасу, келісілген мемлекетаралық экономикалық саясатты қамтамасыз ететін ұлттық экономикалардың түрлі деңгейде, түрлі формада өзара әрекеттесуі жатады. Нәтижесінде ұйымдастырушылық құрылымдар, еңбек бөлінісі, тауармен қызмет көрсетулер, қор мен жұмыс күшінің кең мемлекетаралық бірігуі жүзеге асырылады. Бұл үдеріс мемлекетаралық ұйымдардың реттеу нысанына айналған интеграцияланған елдердің экономикаларының алмасуына себепкер болады. Сонымен қатар, мемлекеттердің өңірлік және әлемдік экономикалық жүйеге кірігуі өндіруші және қайта өндіруші өнеркәсіп тауарларының ірі нарығының қалыптасуына, терең деңгейлі өңделген өнімді жоғары мөлшердегі қосылған құнмен алуға мүмкіндік береді. Бұл елдер нарығына шығуға, өндірісте, сыртқы саудада құрылымдық өзгерістер енгізуге, жаңа үдемелі технологиялар мен инновациялық техникаға өтуге жол ашады.

Экономикалық интеграцияның өзіне тән ерекшеліктерінің ішінде оны өзара экономикалық әрекеттесулердің формаларынан ажырататындары: өзара серіктес елдер арасында тауар қозғалысының, қызмет көрсетулер мен адами қордың шектеулігі жойылады; қатысушы елдердің экономикалық саясатының келісімділігі; ұлттық өндірістік үдерістердің өзара бірігуі мен енуі, өндіріс үдерісінің технологиялық бірлігі; өндірісте үдемелі және терең халықаралық мамандандыру

мен кооперативтіліктің дамуы, экономика мен оның инновациялық механизмдерін екіжақты қаржыландыру; ұлттық заңнамалар, нормалар мен стандарттардың жақындауы; интеграциялық үдерістердің мақсатты реттелуі, өзара әрекеттесушілікпен шаруашылық басқару ұйымдарын дамыту (мемлекетаралық, сондай-ақ ЕО сияқты мемлекетүсті басқару механизмдері болуы мүмкін); интеграцияның кеңістіктік ауқымының біртұтастық өңірлігін атап айтуға болады.

Евроазиялық кеңістік елдерінде әртүрлі жылдамдықты және әртүрлі деңгейлі интеграцияның қағидаттары жүзеге асырылуда. Қазіргі кезде қатысушы-мемлекеттерге нарық талабына сай құқықтық нормаларды ретке келтіріп, өзара еркін ұйымдасудың үлгісі неғұрлым тиімдірек болар. Сонда ғана, Евроазиялық кеңістіктегі әрбір мемлекет оның ұлттық мүддесіне сай келетін интеграциялық үдерістер мен бағыттарға қатыса алады [1]. Экономикалық интеграцияның экономикалық салаларындағы нақты мазмұны ең алдымен, салалық ынтымақтастықта көрініс тапқан, онда жүзге жуық әртүрлі мемлекетаралық ұйымдар құрылып, әрекет етуде.

Евроазиялық кеңістік аясындағы мемлекеттерінің аграрлық саладағы қызметі үш бағытта жүргізіліп келеді: агроөнеркәсіптік кешен, мал дәрігерлігі және тұқым шаруашылығы. Агроөнеркәсіптік бірлестіктеріне түпкі өнімді шығарудың біртұтас технологиялық үдерісіндегі барлық буындардың техникалық жарактануының жоғары деңгейі, өндірістік инфрақұрылымның дамуы, сенімді ақпараттық қызмет көрсету, көп мөлшерде сапалы өнім өндіруі тән.

Ауыл шаруашылығы секторын дамытудағы бірінші мәселе – агроөндірістік кешенінің (АӨК) Евроазиялық кеңістік елдері бойынша интеграциясы. Ауыл шаруашылығының басты үш блогы бір-бірімен тығыз байланысты. Агроөнеркәсіп бірлестіктері шеңберінде агроөнеркәсіп кешенінің I және II сфераларындағы интеграция өндірісті мамандандыру, теңдестіру масштабы, технология, ұйымдастыру ісіндегі мәнді айырмашылықтар мен басқа да ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп салаларындағы өндірістік процестердің ерекшелігіне орай болмашы ғана дамыды. Агроөнеркәсіптік бірлестік ең алдымен жем-шөп, жұмыртқа өндірумен және асыл тұқымды мал және құс өсірумен технологиялық жағынан өзара бір-бірімен байланысты кәсіпорындарды қамтиды. Олардың көпшілігі келісім-шарт жүйесі бойынша жұмыс істейді.

Агроөнеркәсіптік бірлестіктер, салааралық бірлестіктер салааралық байланыстардың теге-

ршіне әсер ететін агроөнеркәсіптік интеграцияның бір тәсілі ретінде көрінеді. Агроөнеркәсіп бірлестіктерінің дамуын салааралық өндірістік теңдесу мен мамандану, сондай-ақ шаруашылық және салааралық байланыстардың экономикалық тетіктері және интеграцияның ұйымдық тәсілдерінің барлық жүйесінің деңгейін айқындайды. Сондықтан, дамыған елдердің агроөнеркәсіптік кешені өндірістік жүйесінің теңдесу процесінің барлық аспектілері мен тәсілдерін бағалау ғана олардың орны мен агроөнеркәсіп бірлестіктерінің ынталандыруын, сондай-ақ оның дамуы мен кеңінен таралуын шектейтін себептерді анықтауға мүмкіндік береді.

Агроөнеркәсіп бірлестіктерінің дамуы, бір жағынан өнеркәсіп-сауда фирмаларының ауыл шаруашылығы өндірісіне енуімен, екінші жағынан, ірі фермерлік капиталдың агроөнеркәсіп кешенінің ауыл шаруашылығы емес салаларына кірігуімен негізделеді. Агроөнеркәсіп бірлестігін құру агроөнеркәсіп кешенінің өндірістік жүйесіне енетін шаруашылық бірліктерін диверсификациялау үдерісінің негізгі элементі болып табылады. Өндірістік-сауда немесе фермерлік капитал бақылайтын агроөнеркәсіптік бірлестіктердің арасындағы айырмашылық әлеуметтік табиғатының ұйымдық тәсілінің, басқару әдісінің, құрылымдардың масштабы мен салаларының ортақтығына байланысты нәтижесі өте аз. Сонымен қатар, фермерлік капитал арқылы құрылған агроөнеркәсіптік бірлестіктердің бірқатар ұйымдық ерекшеліктері бар. Айталық, олар фермерлік кооперативтерге мемлекет беретін қаржылық жеңілдіктерді пайдаланып, көптеген жағдайда монополистік корпорациялармен табысты бәсекелестікке түсуге мүмкіндік алады.

Мемлекетаралық интеграция – қаржының және ақша қаражаттарының айналым жылдамдығына, құрылымына байланысты. Интегралдаушы елдер арасында бағаның мемлекеттік механизмі мен масштабының қалыптасу шарттары болуы керек. Анықталған тауарлар мен қызметтер, әсіресе өндірілетін өнім мен шикізаттарға оңтайлы баға белгілеу мәселесі де өте маңызды. Әрине, ауыл шаруашылығы тек күрделі бағдарламалардың негізінде ғана сапалы, әрі көлемді тауар өндіре алады [2]. Қазақстанның АӨК-ні ауыл шаруашылығының тек ішкі қажеттіліктерін ғана қанағаттандырып қоймай, Евроазиялық кеңістік аясындағы мемлекеттеріне экспорттай алады. Бидай бизнесі біршама пайда алып келсе де, елімізде бұл өндірістің инвестициясы толық қалыптаспаған. Елімізде егін шаруашылы-

ғы шамамен тұрғындардың жартысына жуығын жұмыспен қамтамасыз етеді және инвестицияны қажет етеді. Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы кешенін қалыптастыру нәтижелі емес. Мұның себебі, мемлекеттер арасындағы интеграциялық қатынастың аздығы және нарықтық жағдайда олардың арасында келіспеушіліктер мен түсінбеушіліктердің орын алуы. Экономикалық реформаларды республикамызда қалыптастыру кезінде ірі қателіктер кеткен, яғни меншік қатынасы реформасы, инвестициялық, несиелік-қаржылық және бағалық саясат, сонымен қатар АӨК-ні басқару формалары әлі де болса толық қалыптаспаған.

АӨК-ні дамыту үшін интеграциялаушы мемлекеттердің барынша үлесі болуы тиіс. Топырағының құнарлылығы арқылы, технологияларды пайдалану Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан облыстары егін шаруашылығын едәуір дамытты. Зерттеушілердің пайымдауынша, аталған облыстардың топырағының құнарлылығы сонша, шаруашылық арқылы Сібір, Орал, Солтүстік ресейлік аудандарды экологиялық таза өнімдермен қамтамасыз ете алады. Дегенмен, міндетті түрде қаржы және сауда капиталын иеленген АӨК интеграциялық кәсіпорыны керек. Алайда, көлбеу құрылымды интеграцияланған орта құру үшін маманданған кадрлар немесе материалды экономикалық база жетіспейді. Дамытудың келесі әдісіне тауар өндірушілердің бірлестігі мен ассоциациялардың құрылуы және басқа да аудандық, республикалық деңгейде қалыптасқан құрылымдар жатады[3].

Материалды-қаржылық және ғылыми-өндірістік мүмкіншіліктердің бірігуі экологиялық мәселелерді шешуге өте қолайлы. Экономикалық АӨК интеграциясының қажетті факторына табиғатты мейлінше оңтайлы пайдалану іс-әрекеті жатады. Ауыл шаруашылығы үшін маңызды құрал – топырақ. Шаруашылық үдерісінде соңғы жылдары байқалғандай топырақтың құнарлылығы азайып келеді, мұның себебі – су және жел эрозиясы байқалып, құрамында химиялық заттар бар шымтезекті пайдалану әсері болып отыр. Минералды шымтезектерді жүйесіз және бақылаусыз пайдалану топырақтың деградациясына алып келуде, сонымен қатар қарашіріктің де құнарсыздануы байқалады. Қазақстанда қарашіріктің көлемі 15 млн га-дан аспайды. Біздің пікірімізше, интеграцияланатын мемлекеттердің материалды-қаржылық, ғылыми-өндірістік бірігуі экологиялық проблемаларды шешуде де аса маңызды болып келеді. Агроөнеркәсіптік кешендегі экономикалық интеграцияның қажет-

тігі табиғатты пайдалы қолдану проблемасын шешуге көмектеседі.

Экспортты-импортты саясаттың қалыптасуы интеграцияға қатысушы мемлекеттер арасында теңдікті қалыптастырады. Айта кететін жайт, ауылшаруашылығын интеграциялаушы ұйымдар ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге, шикізаттың кей түрлерін өңдеуге, және де көршілес елдегі өнім өндірудің жеке мәдениеті мен мал шаруашылығы өнімдеріне маманданған. Мысалға, Қазақстанның оңтүстік облыстарында жүгеріні дәнді дақылдар мен сояның арасында өсіру экономикалық жағынан тиімді. Аталған облыстар сонымен қатар, үйірлі жылқы және түйе өсіру шаруашылығына маманданған. Жаңа экономикалық негізде арнайы мамандандырылған мал шаруашылығы мен қой шаруашылығын дамыту қолайлы болар еді.

Агроөнеркәсіптік интеграцияның ұйымдық тәсілдерін дамыту дамыған елдерде өндірістік күштерді дамытудың қазіргі заманғы деңгейіне сәйкес басқарудың жаңа принциптері мен тәсілдерін – маркетингті, кешенділікті және жүйелілікті енгізумен ерекшеленеді. Маркетинг принципі өндірісті ұйымдастырудың негізгі міндеті – өндірушінің тұтынушымен өзара тығыз байланысына қол жеткізілген жағдайда қолданылады. Маркетинг өнімді түпкілікті пайдаланудың фазасына бағдарланады, оның мақсаты – өнімді өндіруге, өңдеуге және өткізуге кететін шығындар жиынтығын азайту[4].

Дамыған елдердегі (АҚШ, Батыс Еуропа) агроөнеркәсіптік бірлестіктердің әр түрлі тәсілдеріне талдау жасау оларды ұйымдастыру мен жұмыс жасауының бірқатар ортақ қағидаларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Олар:

- келісім-шарттық байланыстар негізінде агроөнеркәсіптік бірлестіктер ұйымдастыру кең тараған тәсіл болып табылады. Белгілі бір дәрежеде тұрақты тікелей байланыстарды пайдаланатын, өз бойына келісім қатынастарының белгілерін жинақтай білетін шаруашылықаралық кешендер де осыған жақын келеді;

- агроөнеркәсіптік бірлестіктер барынша күрделі диверсификацияланған шаруашылық бірлестіктері – корпорациялардың, ірі фермерлік кооперативтік ассоциациялардың бөлімшесі, құрамдас буыны болып табылады. Мұндай бірлестіктерді диверсификациялау бағаның және қолда бар ресурстар мен негізгі өндірістің қалдықтарын барынша толық пайдалануға байланысты тәуекел етудің деңгейін төмендетуді қамтамасыз етеді;

- агроөнеркәсіптік интеграцияның ұйымдық құрылымында өндірістік немесе техно-

логиялық белгісі бойынша құрылған салалық агроөнеркәсіптік бірлестіктердің үлес салмағы көп. Сонымен бірге, кооператив шеңберінде түрлі сала бойынша мамандандырылған фермалар мен кәсіпорындарды біріктіру жолымен құрылған аймақтық-өндірістік агроөнеркәсіптік бірлестіктері де бар.

Экономикалық интеграцияның қарапайым нәтижелеріне қарамастан, Евроазиялық кеңістік мемлекеттерінің арасында тұрақты және жетілдірілген көпжақты экономикалық байланыстарды қалыптастыруда. Дегенмен, Евроазиялық кеңістік аясындағы мемлекеттердің аймақтық экономикалық толық жетілген ұйымы ретінде қалыптастыру үшін, көп уақыт

пен жігер қажет болмақ. Евроазиялық кеңістік мемлекеттерінің басқа да елдерінің ауыл шаруашылығы секторын жаңа инновациялық техникамен қамтамасыздандыру да өзекті мәселе. Жекелеп айтқанда, Қазақстан Белоруссияның техникалық – құрылысымен, Ресейдің комбайн зауыттарымен, Украина және де басқа шетелдермен өндірістік қарым-қатынаста болып отыр. Алдағы уақытта, экономикалық интеграцияның иеліктерін пайдалана отырып, Евроазиялық кеңістік аумағы бойынша қоғамдық ауыл шаруашылығы және ұлттық нарығын құру кәсіпорындардың күштерінің бірлесуі және мемлекеттер арасында шетелдік импорт өндірісін дамыту қажет.

Әдебиеттер

- 1 Алшанов Р., Әшімбаева Ә. Жаһандық экономика және Қазақстан/ Егемен Қазақстан. № 51-54, 28 ақпан, 2010
- 2 Исингарин Н.К., Масакова С. Евразийское экономическое сообщество и проблемы вступления в ВТО Казахстана // Аль-Пари. – 2013. – № 3. – С. 24.
- 3 Аубакирова Ж.Я. Интерпретация в агропромышленном комплексе: перспективы развития // Вестник КазНУ, серия экономическая. – №2. – 2014.
- 4 Винокуров Е., Либман А. Тренды региональной интеграции на постсоветском пространстве: результаты количественного анализа//Вопросы экономики. – №7. – 2013.

References

- 1 Alshanov R., Ashimbaeva A. Global economy and Kazakhstan / Egemen Kazakhstan № 51-54, 28/01, 2010
- 2 Isengarin N.K. Euroasian economic community and problems of accession to WTO of Kazakhstan // Al-Pari. – 2013. – №3. – С. 24.
- 3 Aubakirova J.I. Interpretation in agro-industrial complex: prospects of development // Vestnik Kaznu. – №2. – 2014
- 4 Vinokurov E., Libman A. Trends of regional integration at the former Soviet Union: results of the quantitative analysis // Voprosi ekonomik №7, 2013